

АҚШАНЫҢ АҚТАҢГЕРІ ЕР БАҚТЫБАЙ

Мұса Шорманұлының заманында онымен бірге жасасып, үзеңгілес жүрген адамдардың бірі – Бақтыбай Бәкіұлы. Өкінішке орай, қазір Бақтыбай секілді адамды ескі әңгімелерден хабары бар біреулер болмаса, көпшілік біле бермейді. Бақтыбай кім десеңіз, ол қалың Қаржастың ішінде Ақша, одан Жиенәлі-Жолшора болып тарайды. Жасы ұлғайған шағында Меккеге барып, қажы атанған адам екен.

«Бұл Бақтыбай жарыстан қашан қалған,
Ат байланып жасынан атақ алған.
Ерден иман құтылмас деген бар-ды,
Судай шашып дүниені Мекке барған.

Жалғыздық жарасады бір Құдайға,
Аз-бы алыс сапар ерге онай ма?
Топтан – жеке, рудан жалғыз барған,
Не деп айтсаң жарасар Бақтыбайға!» – деп өлең арнаған екен Мәшһүр Жүсіп осы Бақтыбайға.

Өзі дәулетті және бет қаратпайтын мінезі бар Бақтыбайдың өзгеден бөлек істері, ерлік, батылдығы жайлы біраз әңгімелер бүгінге жеткен. Ол өз заманында Мұса төңірегінде болып, мырзамен жақсы қарым-қатынас ұстаған адам. «Менің бағым – Бақтыбайда!» – дейді екен Мұса мырзаның өзі.

Енді сол замандардан бүгінге жеткен бірер әңгімені назарларыңызға ұсынайық. Баянауланың сырт жағын жайлаған Қаржас ауылдары әрідегі Қаракесек елімен қанаттас жатқан жұрт. Осы Қаракесек ішіндегі бір даулы шаруаға Мұса мырза да барған екен. Әрине, жалғыз бармайды, қасында топ жігіті, оның ішінде Бақтыбай да бар. Жиын тарап, ас әкелер кезде қаракесек-шаншардың қулары бұл сүйіндіктерді сынап көрейік деп, сүбе майы төрт елі бір семіз сиырды сойып, астау толы етті Мұса сырзаның алдына тартады ғой. Астаудағы сиырдың етін көргесін, Мұса мырзаның қабағы түсіңкіреп, бірақ ештеңе демей отыра беріпті. Бұл кезде Бақтыбай сыртта жүрсе керек. Астауды ортаға қоя бергенде, Бақтыбай да келіп кіреді. Ортада тұрған сиырдың етін көрген ол:

– Әй, қалың қаракесек, Мырзаға сиырдың етін тартатындай, отқа қарап, суға сүйеніп отырсындар ма?! Сиырдың етін Мұса түгілі, оның иті де жемейді! – деп, ортадағы астауды ет-метімен көтеріп алып, далаға лақтырып жіберіпті.

Әрине, ана жақта семіз жылқының еті асылып жатқаны белгілі. Сиыр етін тартуы «бұлар не істер екен?» деп, қаракесектердің сынағалы жасаған шаруасы ғой.

Сөйтіп елге қарай бет түзеп шыққан соң, Мұса мырза жанындағы жігіттеріне: «Апырмай, бәрің жиылып, бір Бақтыбайдай болмадыңдар ғой!» – деген екен. Және Мұса мырза Бақтыбай жайлы: «Ол есер тентек емес, есті тентек, Бақтыбай елді бұзбас, ел болған соң, оның ішінде бір ері болар, мың ез жиылып, бір ердей бола алмас!» – деп отырады екен.

Бір жылдары Мұса мырза аға сұлтандықтан шығып, оның орнына Керей Көшеннің Тұрлыбегі сайланбақшы болады. Омбыдағы кеңсенің осындай бұйрығын алған Тұрлыбек Баянаулаға келін, сайлау өткізбек үшін, айналадағы ел Мұсаның ауылына жиналсын деген пәрмен береді. Сөйтіп әр болыстың адамдары мырзаның ауылына қарай бет түзейді. Дегенмен, келіп жатқандардың ішінде Бақтыбай көріне қоймайды.

– Осы Бақтыбай қайда жүр, көргендерің бар ма? – деп сұрайды Мұса мырза айналасындағылардан. Ешкім көрдік дей қоймайды.

Іздеген Бақтыбай ертең сайлау өтеді деген күні келіп қоныпты. Таңертең оның қаражорға атына мініп, Тұрлыбекке тігілген үйге қарай кетіп бара жатқанын жеткізеді біреулер Мұсаға.

– Сендер оны сыртынан бақыландаршы, бірденені бұлдіріп, ұят болып жүрмесін, ондай болса, мен шақырып жатыр деп алып келіндер, – депті жанындағыларға.

Бақтыбай Тұрлыбек жатқан үйге кірсе, ол киініп, шайын ішіп болып отыр екен. Амандасып, қызмет сапарына қайырлы болсын айтады. Бақтыбайдың белінде қылыш, өзі ірі денелі, көркем жүзді адам екен. Бірақ тілінің аздап кемістігі болса керек.

Бақтыбайдың сәлемін алған Тұрлыбек:

– Ақсақал, не шаруамен жүрсіз? – деп сұрайды.

Сонда Бақтыбай:

– Сенің еліңнің жігіттері ана жылдары менің біраз жылқымды айдап әкеткен. Өзім қарт адаммын, күнбе-күн ізімен қуып бара алмадым. Енді барам ба деп жүрген едім, өзің осында келеді дегесін тоқтап қалдым. Менің сол малымды еліңнен алдырып бер! – дейді.

– Ақсақал, бұныңыз бекер болар, ел арасы шалғай, біздің жігіттер бұл жаққа келе қоймас. Және малыңызды қай жылы, қай айда алды, соны дәлелдеп айтыңыз, – дейді Тұрлыбек.

– Кәрі адам ұмытшақ болады ғой, айы мен жылы есімде жоқ, Әйтеуір есімде қалғаны, өзіннің қызың тілмаш орысыңмен қашып кететін жылы секілді. Ал енді осында тұрып дуан басқарам десең, әуелі малымды қайтар! – деп сес көрсетеді.

Сонда Тұрлыбек: «Таудан, тастан қайтпаған бетім осы Мұсадан қайта берді-ау!» – деп шығып кеткен екен. Тұрлыбектің қызы өзінің тілмаш орысымен қашып кеткені рас болса керек. Бұл ол кезде сүйекке үлкен таңба. Бақтыбай да оны осы жанды жерінен ұстап отыр.

Сөйтіп, Бақтыбай Тұрлыбектен шығып, Мұсаның ордасына барып отырса, соңынан бір жігіт келіп Мұсаға: «Мырза, Тұрлыбек ұлық пәуескесін жеккізіп, кетіп барады» – дейді.

Тұрлыбек сол кеткеннен Омбыға барып, аға сұлтандықтан бас тартып, «Баянаулаға Мұса мырзадан басқа адам ие бола алмайды» деген екен. Сонда Мұса жиылған елге:

– Сендер Бақтыбайды тентек дейсіңдер, қане, қайсыңның ойың мен ақылың жетті осыған? Елді – ер, ерді – ел теңгереді деген жоқ па. Бір Бақтыбай Баянауланың қандай ел екенін көрсетті, – деген екен.

Бақтыбай Бәкіұлының мазары қазір Баянауылдан Күркелі ауылына баратын жолдың сыртында, Жарылғапберді ауылынан 4—5 шақырым жерде тұр. Ол жер ертеде Қанай деп аталған.

